

ӘӨЖ: 619.617-(0758)

**Ильясов Б.К.,\* Батхиева Г.Б., Нурдилда А.Ш.**  
ветеринария ғ.д., профессор, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан  
магистр, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан  
магистр, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан  
**ТҮЙЕНІҢ БЕТКЕЙЛІК КЕРАТИТИ (KERATITIS SUPEZFICIAKIS)**

Автор корреспондент: [ilyasova\\_72@mail.ru](mailto:ilyasova_72@mail.ru)

**Түйін:** Мақалада Түркістан облысының Созақ, Отырар, Арыс аудандары мен Атырау облысының Мақат, Доссор ауылдарындағы кератитті зерттеу нәтижелері келтірілген. Авторлар алғаш рет жергілікті тұқымды түйелердегі кератиттің клиникалық белгілерін сипаттады. Сонымен қатар, бұл ауруды емдеу әдістері жасалды. Түйелердің кератитін емдеу үшін М.А. Юсупов, Б.К.Ильясов әдісі бойынша дәрі-дәрмектер мен байланысты препараттар қолданылды. Кератит кезінде авторлар түйелерді қауымдастырылған дәрілермен (таңертең және кешке) емдеу кезінде күніне 2 рет жақсы нәтиже алғанын анықтады. Сагиз елді мекенінде жоғарыда көрсетілгендей клиникалық белгілермен ауырған тағы бір түйені (иесі Сагинтаева Галия) зерттедік. Г.Сагинтаеваның түйесінде беткейлік кератин балауын қойып, Қадіров Асхаттың түйесінің көзіне жүргізілген емдік шаралар жүргізіп, оң нәтижеге қол жеткіздік.

**Кілт сөздер:** түйе, жіті, катаральді, жантақ, беткейлік кератит, балау, ветеринария, көз.

**Кіріспе.** Көптеген ветеринария зерттеушілері ауылшаруашылығы малдарының (жылқы, қара мал, қой және ешкі) ғылымымен айналасып, төрт түлік малының төресі түйе жарықтығын көбінесе кейінгі жоспарларға қалдырылған. Елбасының рухани жаңғыру саясатында, қазақ халқында техника дамымаған кезде, түйені жүк тиеуге қолданған, тәулігіне бірнеше рет сауып сүтін ішкен, сойып етін жеген, қыста тоңса терісі және жүнінен киім тіккен, ал түйенің шудасы емге қолданылғаны айтылған.

**Теоретикалық сараптама.** Осы жұмыстың негізгі мақсаты түйенің көз ауруларына арналып, аталған патология түйеде сирек кездесетіндіктен (қол жеткен ғылыми әдебиеттерден табылмадық) жинаған деректерімізді жариялау. Біз, түйенің көз патологиясын сонау өткен ғасырдың 70-ші жылдарынан бастап, осы күнге дейін бақылап, зерттеу жұмыстарын жүргізудеміз [1,2].

Түйенің көз ауруларына сирек шалдығатындығы біздің болжамымыз бойынша төмендегілерге байланысты: аталған жануардың дене құрылымы басқа малдарға қарағанда бойы, басы биікте болады, аяғын маң-маң басып жай қозғалады (эртүрлі заттарға көзі соқтығыста болмайды), бас, көз аумағының жүні қалындау, бұлда көзге шаң, эртүрлі заттардың ұсағының түсуінен қорғайды, түйенің азықтануыды басқа малдармен салыстырғанда өз ерекшеліктері баршылық. Түйе көбінесе ащы шөптерді ұнатады (бұйырғын, жусан, алабота, жантақ т.б.) және олардың шашылған дәндерін, түйе ернінің бұлшық еттерінің серпімді мықты болуына байланысты, еріндерімен теріп жеп, асықпай күйіс қайтарып бойына сіңіреді. Ал, ащы жейтін ұлттардың өкілдері кез-келген ауруға мықты болатындағы сияқты, түйе жарықтықта көз ауруларымен сиректеу ауырыды деуге болатындығы сыйымды. Осымен бірге, жоғарыда аталған шөптерде микро-макроэлементтерге және көзге керекті витаминдер баршылық.

**Зерттеу әдістері мен материалдар.** Біздің көптеген жылдардағы зерттеулеріміздің нәтижесінде Атырау және Түркістан облысының түйе ұстайтын елді-мекендерінде түйенің беткейлік кератиттерін анықтадық. Осыған мысал ретінде, біз зерттеуге алған малдардың ауру тарихынан үзінділер келтіруді жөн санадық.

Атырау облысының Сагиз елді мекенінің тұрғыны Қадіров Асхаттың түйесі 7 жаста, қос өркешті, жергілікті бурамен будандастырылған. Мал иесінің айтуы бойынша, түйе сырттағы мал тұратын қоршауда тұрмай ол қараңғы қораға кіріп жататындығын, кейбір нәселерге сүрінетіндігін баяндады.

Малды зерттеу барысында Т-37,5<sup>0</sup>С, пульсі 70, демалысының жиілігі 14 екендігі анықталды. Анамнездік деректерге сүйеніп, түйені шөгеріп, көзін тексердік. Көздің қасың қабығының беті жылтыр тегіс емес, кейбір жерлері кедір-бұдыр, түсі сұр-түтін түсті. Жақсы жарықпен тексергенде көзінің алдыңғы камерасын көруге болады. Эпителиалды қабаттың түтіндеу (помутнение) түсі күшейіп, қанның ақ торшаларымен инфильтрацияланған. Түйенің қабақтары қысыңқы және одан жас аққан, конъюнктиваның кілегей қабығы гиперемияға ұшыраған және ісінген, көздің қарашығы

тарылған. Жануардың көз алмасын пальпациялағанда басын тартпауы оның ауысынғандығын көрсетті. Күннің көзі түсіп тұрған сыртқы серуендету қоршауында көп тұрмай, қараңғы қораға кіргендігіне қарағанда, оның жарықтан қашатындығы байқалды.

Балау: беткейлік кератит.

Балау қойылғаннан кейін осы түйені емдеуге кірістік. Емдік жұмысты түйенің көзінен жас ағып жақ терісінің желімделген бөлігін қайшымен қырқып, хирургиялық өңдеу жүргіздік. Конъюнктивалдық қапшықты жылытылған 2% бор қышқылымен, одан соң риванолдың судағы жылы ерітіндісімен (1:5000) шайдық. Жануардың көзінің ауырсынуын басуға 1-2% новакаиндың тамшысын (3-5 тамшы) тамызып, окситетрацилин майын жақтық. Қарашықты кеңейтуге атропинмен (1%) бірге, 2% новакаин қоспасын тамыздық. Жоғарыда көрсетілген емдік қағидалар бірнеше рет қайталанды. Осыдан түйенің көзінен жас ағу тыйыла бастады, қан тамырларының инъекциясы азайып, домбығуы басылды. Түйе күннің көзі түсіп тұрған серуендеу кеңістігінде тұратындай болды.

Сагиз елді мекенінде жоғарыда көрсетілгендей клиникалық белгілермен ауырған тағы бір түйені (несі Сагинтаева Галия) зерттедік. Г.Сагинтаеваның түйесінде беткейлік кератин балауын қойып, Қадіров Асхаттың түйесінің көзіне жүргізілген емдік шаралар жүргізіп, оң нәтижеге қол жеткіздік.

Біз түйенің көз ауруларын зерттеу мақсатында әр жылдардың наурыз-сәуір айларында Атырау облысының Доссор кентінде ғылыми зерттеу жұмысын жүргіздік. Доссорда әрбір үйде 2-3 түйеден ұсталып сүті, етінен ас дайындалса, жүнін ақшаға сағады екен. Наурыз айында осы кенттің тұрғыны Ақаев Нағыметтің екі түйесінің көзін зерттедік. Бір түйесінің лақап аты «Бурашық», екіншісі – «Атан» (өзінің шақыруы бойынша). Бурашықтың  $T-38,5^{\circ}\text{C}$ , пульсі 7, демалысының жиілігі 15. Жазықтықта денесін ұстауы, жетелгенде жүрісі, азықтануы физиологиялық қалыпта. Денесінің кейбір аумағының (бас, кеудесінің, аяғының) жүндері түскен, жүнін тартып қарағанда оңай жұлынбайды (қотыры жоқ). Астыңғы және үстіңгі қабақтарын ашып, қасаң қабығын мақталы тампонмен сүрткенде, түйе басын алып қашпады, бұл ауырсынуудың немесе сезімталдығының жоқтығын көрсетті.

«Бурашықтың» көзінен жас аққан, қасаң қабығын басып қарағанда қатайған, құрғақ, мөлтірлігі жоқтың қасы. Осымен бірге, түйе жүргенде көбірек сүрінетіндігі, көру мүшесінің жұмысының бұзылғандығының дәлелі.

Балау. А-авитаминозды кератит.

Бурашықтың еміне А витамині мен макр-микроэлементтерге бай жем-шөппен азықтандыру ұсынылды.

Ақаев Нағыметтің екінші түйесінің («Атанның»)  $T-38,3^{\circ}\text{C}$ ,  $P-70$ , демалысының жиілігі – 14. Атаның жазықтықтағы тұрысы, дене құрылымы, азық, су қабылдауы физиологиялық қалыпты екені анықталды. Атанның көзін зерттегенде төмендегідей клиникалық белгілері анықталды. Жалпы қызуы көтерілді (40,2), азыққы зауқы жоқ, қараңғы жерге жатқанды қалайды, кейінен қоңы кетіп арықтығаны байқалды. Түйенің көзінен парлап жас ақты, пальпация жасағанда ауырсынғаны байқалды. Түйе кератитінің өзінің ерекшелігі бар. Мысалы ит кератиті сатылы түрде өтіп, басында қабыну конъюнктиваны мен қасаң қабықта басталып, қасаң қабық ірінді инфильтрацияланады. Ол кейінен абсцеске айналып, бітеу жара тесіліп, ойық жарағы ауысып, жара жазылған соң орнында ақ дақ (бельмо) көрінеді [3], ал түйелерде ондай ақаулар байқалмағанын тіркедік.

Жалпы түйе кератиттерін төмендегідей емдедік: конъюнктиваны қапшығын антисептикалық ерітінділермен 2-3% бор қышқылы, риванол 1:5000, фурацилин 1:5000 шайдық, көз тамшылары түрінде 0,25% левомоцилин, 30% натр сульфацил (2-3 тамшыдан 3-5 рет) субконъюнктивалды 0,1-0,2 мл гидрокартизон инъекцияланды 0,5% новакаинға қосып антибиотик майларын (тетрацилин, окситетрацилин) жағылды. Бұлшық етке  $C_1, B_1, B_2$  витаминдерін, көк тамырға 40% глюкоза ерітіндісін жіберілгенде жануардың жағдай жақсарғандығы байқалды.

Осымен бірге, кератитке шалдыққан түйелерге М.А.Юсупов, Б.К.Ильясов, дайындаған (Инновациялық патент №22643) көз тамшысы тәулігіне екі рет 3-5 тамшыдан қолданылып, жақсы нәтиже алынды.

### **Қорытындылар.**

1. Атырау және Түркістан облыстарының түйе шаруашылықтарында және елді мекендерінде түйе көзінің кератитке шалдығатындығы тіркелді.

2. Жоғарыда аталған облыстардың түйе шаруашылықтары мен елді мекендерінің түйелерінің кератитінің еміне традициялық препараттармен бірге, авторлар дайындаған (Инновациялық патент № 22643) ассоциаланған препарат қолданылып, жақсы нәтиже алынды.

### Әдебиеттер тізімі:

- 1 Ильясов Б.К., Иттің көз ауруларына шолу. Журнал Жаршы №11, 2003ж. 54-57 бет.
- 2 Ильясов Б.К., Алимгазина С. Ит кератоконъюнктивитінің хирургиялық емін жетілдіру. Журнал Жаршы №8, 2004, 29-30 беттер.
- 3 Макашов А.В., Глазные болезни домашних животных. Москва. 1988, Стр. 263

**Аннотация:** В статье приведены результаты исследований кератита у верблюдов пос. Макат, Доссор Атырауской области и Созакского, Отрарского и Арыского районов Туркестанский области.

Авторами впервые описаны кинические признаки кератита у верблюдов местной породы. Кроме того, разработаны методы лечения данной болезни. Для лечения кератита верблюдов использованы медикаментозные и ассоциированным препараты по способу М.А.Юсупова, Б.К.Ильясова. При кератите авторами установлено, что наилучший результат получены при лечении верблюдов ассоциированным препаратами (утром и вечером) 2 раза в день.

В населенном пункте Сагиз исследовано еще один верблюд (владелец Сагинтаева Галия), который заболел клиническими симптомами, как показано выше. На верблюде г.Сагинтаевой поставили поверхностный кератиновый балау, провели лечебные мероприятия на глазах у верблюда Кадырова Асхата и добились положительного результата.

**Ключевые слова:** верблюд, острый, катаральный, жантак, поверхностный кератит, СОТа, ветеринария, глаз.

**Abstract:** The article presents the results of studies of keratitis in camels of the village Makat, Dossor of Atyrau region and Sozak, Otrar and Arys districts of Turkestan region.

The authors first described the kinic signs of keratitis in camels of the local breed. In addition, methods of treating this disease have been developed. For the treatment of camel keratitis, medicinal and associated drugs were used according to the method of M. A. Yusupov, B. K. Ilyasov. In keratitis, the authors found that the best results were obtained when treating camels with an associated drug (morning and evening) 2 times a day.

In the village of sagiz, we examined another camel (owner of the genus Sagintayev Galia), which was ill with clinical symptoms, as indicated above. On the camel of G. Sagintayev, we applied a superficial keratin bandage, carried out therapeutic measures for the eyes of the camel of Kadirov Askhat, and achieved a positive result.

**Keywords:** camel, acute, catarrhal, concomitant, superficial keratitis, baldness, Veterinary Medicine, Eye.